КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12 қыркүйек №5265-24-00-2/2522 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Сатыбалдиева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау комитеті Шымкент қаласы бойынша Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Искаков» атынан Ерлан Алданович Искаков

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267–3, 267–4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау комитеті Шымкент қаласы бойынша Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Искаков» атынан Ерлан Алданович Искаков мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Искаков» атынан Ерлан Алданович Искаковтан мемлекет пайдасына мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

АПК-нің 267–4-бабының 2-бөлігіне сәйкес жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 12.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.10.2024, судья Сатыбалдиева А. К., 03.11.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Қ.Сатыбалдиева**

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 12.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.10.2024, судья Сатыбалдиева А. К., 03.11.2024

5265-24-3-1/2680